Подводя итог, во время стажировки были разные значимые темы. Это дало богатый опыт, как в своей области, так и дало общую информацию, касательно многих аспектов образования Великобритании.

Также хотелось бы отметить в системе высшего образования в Англии лектор в неделю читает 1-2 лекции. Таким образом, у него есть достаточное время для исследовательской работы. Еще одной особенностью образования в Великобритании является то, что большую часть работы студент сам выполняет самостоятельно. Все общение преподавателя со студентом проходит в режиме электронной почты.

Думаю, что полученный нами опыт очень пригодится для внедрения этих новшеств в казахстанское образование. Одно из них - комбинированное применение социальных медиа платформ в сфере образования. Нами был обдуман выбор сетей, который применим в круге преподаватель-студент-университет. В связи этим потребовалось изучить возможности комбинированного применения разных интернет приложений.

Кроме того, казахстанскому образованию нужно применить передовую библиотечную систему. Библиотека является местом для сбора информации и обработки ее, и самой важной частью учебных заведений. Результаты показывают, что достижения в области развития библиотек могут быть связаны с автоматизацией ИТ-возможностей библиотеки высокоскоростной поисковой системой. Я считаю, что эти проблемы есть и в Казахстане. В соответствии с этим предлагаю изучить европейскую модель библиотечной системы и внедрить в её Казахстане.

В заключении я могу сказать, что стажировка в Brunel Business School была плодотворной и интересной. Прежде всего, мы усовершенствовали английский язык, который поможет способствовать развитию трехязычного образования в КазНУ и открыть горизонт для будущих исследований. Кроме того, были проанализированы новые инновационные образовательные технологии и образовательная практика принимающей организации. Кроме того, мы были ознакомлены с новыми подходами образовательных технологий, сравнивая их с казахстанским образованием. Я считаю, что эта стажировка была очень эффективной с точки зрения не только научной стороны, но и повседневной университетской жизни.

Г.Н.БАХАУТДИНОВА

Қазақстан мен Вьетнам Ынтымақтастық байланысының жаңа кезеңі



Қазіргі уақытта Қазақстан мен Вьетнам арасындағы мәдениет пен білім саласындағы белсенді ынтымақтастық байланыс өз деңгейінде даму үстінде. Әсіресе, білім саласында атқарылған шара аз емес.

Жуырда әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстан мен Вьетнам арасындағы ғылыми-мәдени байланыс» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға факультеттің оқытушы-профессорлары және Қазақстандағы Вьетнам елшісінің кеңесшісі Хуин Чан және Астана қаласындағы Вьетнам іскер адамдар қоғамының жетекшісі Фук Нгуен және Астана қаласындағы Вьетнам елшілігінің өкілдері, Вьетнам елінен келіп білім алып жатқан студенттер құрметті қонақ ретінде шақырылды.

Кездесу барысында ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің деканы Ж.Е. Жаппасов факультет тарихымен, жалпы жағдайымен, білім жүйесімен, оқу-әдістемелік жұмыстарымен таныстырды. Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының менгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Г.К. Ихсанғалиева кафедрада жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің жаңа бағыттарымен таныстырып, оқу-әдістемелік жабдықтауы, ерекшеліктері

мен басым тұстары туралы мәлімдеме жасап, тәжірибе алмасу, біліктілікті арттыру, ғылыми байланыстар орнату туралы ұсыныстар айтты.

Қазақстандағы Вьетнам елшісінің кеңесшісі Хуин Чан «Қазақстан мен Вьетнам арасындағы ғылыми-мәдени байланыс» тақырыбында баяндама жасап, сондай-ақ Астана қаласындағы Вьетнам іскер адамдар қоғамының жетекшісі Фук Нгуен Вьетнам халқының тарихы мен дамуы жөнінде құнды деректер келтіре отырып, екі елдің арасындағы жоғары оқу орындарының тарихымен, білім берудегі өзіндік жүйесімен, әдіс-тәсілдерімен, қазіргі заманғы жаңалықтарымен таныстырып, ой бөлісті.

Қазақ халқының қонақжайлығына тәнті болып, зор ризашылық білдірген Вьетнам қонақтары Қазақстан мен Вьетнам елдерінің ынтымақтастық байланыстарының одан әрі қарқынды дамуына үлкен сенім білдіретіндіктерін айтты.

Тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру мақсатында өткен кездесуде студенттермен және білікті оқытушылармен екі жақты тәжірибе алмасу туралы әңгіме жалғасын тауып, келген қонақтар факультеттегі мұражайды аралап, өз қызығушылықтарын білдірді.

А.Е. САДЕНОВА,
шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының доценті

Мажарстан еліне оқу сапары

Біз – ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің 8 магистранты арнайы бағдарлама бойынша жуырда Венгрия елінде болдық.

Алдымен, оқу сапарымыздың алғашқы күндерінде Будапешттегі Ғылым академиясындағы шығыс тілінде жазылған көне қолжазбалармен таныстық. Уақытымыздың көп бөлігі өткен Сегед университетінде оқу орны кітапханасының менгерушісі Бела Кемпфтің жетекшілігімен араб, парсы, жапон, түрік, орыс, ағылшын және мажар тіліндегі 60 мыңдық қоры бар кітаптармен, жазба деректермен жұмыс істеуге болатынына көз жеткіздік. Әсіресе кітапхана электронды кітаптарға өте бай екен. Алайда бұл электронды кітаптар сол жерде жұмыс істеуге ғана арналған.

Одан кейін Алтайтану зерттеу орталығындағы «Мажарстандағы шығыстану ғылымының келешегі» атты тақырып аясында Алтайтану зерттеу орталығының менгерушісі, т.ғ.д., профессор Мария Иваничтің, PhD докторы Баярма Хабтагаеваның, зерттеу орталығының оқытушысы, ф.ғ.к. Раушангүл Мұқышеваның және PhD докторы Эстер Ототт-Ковачтың қысқа мерзімді дәрістерін тыңдадық. Бұл дәрістерден біз Мажарстанда шығыстану ғылымының қандай дәрежеде дамығандығы, қыпшақ фольклоры, Иштван Мандоки Коңырдың зерттеулері, сондай-ақ батыс үлгідегі диссертацияның жазылу тәсілі туралы мол ақпарат алдық. Әрбіріміз диссертациялық жұмысымызға сай көптеген кітаптар таптық. Жеке өзіме қатысты айтар болсам, Будапешттегі Ғылым академиясында ағылшын тілінде жазылған Минорскийдің Тамим ибн Бахр еңбегінің электронды нұсқасы, Сегед кітапханасында Абу Дальф пен Ибн Фадланның еңбектерінің көшірмесіне қол жеткіздім. Бұл он күндік оқу іс-сапарымыз ұтымды әрі пайдалы өтті деп толық сеніммен айтамын.

Айгүл ЖАМАЛОВА,
*шығыстану факультеті,
арабтану және ирантану
кафедрасының магистранты*

На факультете географии и природопользования КазНУ прошли открытые лекции профессоров из Турции, Венгрии и России




«Дориан Грейдің портреті»

Ирландиялық философ, жазушы, ақын Оскар Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» деп аталатын еңбегі 1890 жылы жарық көрген. Бұл автордың ең бір даулы, бірақ сәтті жазылған еңбектерінің бірі болып табылады. Дүниеге келгеніне бір ғасырдан астам уақыт өткеніне қарамастан, әлі де көпшіліктің іздеп оқитын шығармасы. Ол ағылшын әдебиетінің алтын қорындағы керемет дүние болып саналады.

Суретші Бэзил Холлуорд өмір бойы жас байыз калуды армандаған Дориан Грейдің портретін салады. Оның әдемілігі соншалық, досы граф Генри суреттің кімге тиесілі екендігін сұрайды. Суретші Дориан Грейге граф Генриді таныстырады. Дориан өте әдемі, анқау жас жігіт еді. Графтың оған қызығушылығы оянады да, оны әңгімеге тартады. Өкініштісі сол, ол кезде граф жас жігітке айтатын бірауыз сөзінің жігіт өмірін өзгертетінін білмеп еді... «Сіз қазір өте әдемісіз. Бірақ уақыт өте келе, бетіңізді әжім басып, көріксіз болып қаласыз. Жастық шақ — адамға берілген баға жетпес құндылық», — дейді граф Генри. Өз сөздерінің жас жігітке әсер ете бастағанын сезген ол өмірден түйген ойлары мен бар білгенін әңгімелеп айта бастайды. Суретші портретті бітіріп, Дорианға көрсеткенде, ол: «Мен уақыт өте келе қартаймын, ал сурет өз калпын сақтап қалады. Неге керісінше болмайды?» — деп жылап жібереді.

«Өмірде жақсы әсер ету деген болмайды. Біреуге әсер ету — оған жаныңды беру. Ол адам өзінің ойы емес, сенің ойыңды ойлап, өмірге сенің көзқарасыңмен қарай бастайды», — дейтін граф Генри Уоттон, жас жігітті өзіне ұқсата бастайды. Граф әңгімелерінен шабыт алған, жастық шақты өмір бойы сақтап қалуға деген құмарлық бойын билеген жігіт бір орында

байыз таба алмай, театрға барады. Онда жас актриса Сибила Вэинді кездестіреді. Оның актерлік талантына ғашық болған Дориан үйленуге ұсыныс жасауға бел байлайды. Өзі ес-түссіз ғашық болған қызды досы граф пен суретшіге көрсету үшін оларды театрға алып келеді. Алайда ғашық болған Сибила сол жолы трагедиялық рөлді дұрыс ойнай алмай қалады. Осыған ашуланған Дориан қызды тастап, кетіп қалады. Жігіт үйіне барғанда суреттегі өзгерісті байқайды. Алайда, граф әңгімелерінен кейін бойында бір қатыгездік пайда болған Дориан «портрет өзгерсе өзгерсін, мен жас болып қалсам болды» деп, портретті ешкім көрмейтін бөлмеге жасырып қояды. Келесі күні газет беттерінде актриса Сибиланың өз-өзіне қол жұмсағаны туралы жаман хабар жарық көреді. Граф Дорианға келіп оның ешқандай кінәсі жоқ, бар нәрсе қыздың ақымақтығынан деп сендіреді. Бойын қатігездік билеп алған Дориан өзі елдердей жақсы көрген арудың қазасына қайғырмайды да. Біраз уақыт бойы ол суретшімен қарым-қатынасын үзеді. Уақыт зымырап өтіп жатты. Портретте күн сайын әртүрлі өзгерістер орын алғаны байқалады. Ал жігіт болса жиырма жастағы калпын сақтап қалады. Бір күні суретші Бэзил Парижге барар



сапарының алдында қоштасу үшін Дорианға келеді. Әңгіме үстінде екеуі сөзге келіп қалады да, жігіт суретшіге жиырма жыл бұрын салған портретін көрсетеді. Суретші шошып кетеді: «Бұл мүмкін емес қой! Сіз сол кезде мен қартаймай, портрет қартайса ғой деп тілеп

едіңіз. Сол орындалыпты! Бірақ бұл дұрыс емес! Қайтадан бәрі орнына келсін деп тілейік!» — дейді. Алайда өзінің жас калпын сақтап қалғысы келген Дориан суретшінің сөздеріне ызаланып, оны өлтіріп тастайды. Дориан Грей ақырындап жандана бастайды. Ол барлық қайғысын портреттен көріп, оны пышақпен кесіп тастағысы келеді. Осы ойын жүзеге асырған кезде, сурет қайтадан жас калпына келеді де, жігіттің беті адам танымастай болып өзгеріп сол жерде қайтыс болады. Осылайша, өмір бойы жас болып қалсам деген адамдық құштарлық қатыгездікке ұласып, қайғылы өлімге алып келеді.

Оскар Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» еңбегі өз қоғамында көп сынға ұшырағанына қарамастан, қазіргі таңда оның желісімен бірнеше фильмдер шығарылған. Жалпы, шығарма сюжеті, онда қолданылған өте көп цитаталар мен философиялық тұжырымдар оқырманды толғандырмай қоймайды. Өмір туралы, оның мәні туралы тағы да бір ойлануға жетелейді. Жазушының негізгі ойы «ештене де мәңгі емес, барлық нәрсе өз уақытымен, өз орнымен болуы керек, адам табиғатқа қарсы тұра алмайды» дегенге саяды.

Лина ТҰРДЫ,

халықаралық қатынастар факультетінің

2-курс студенті

Ләйла ДҮЙСЕЕВА,

дипломатиялық аударма кафедрасының

оқытушысы

Оскар Уайльда "Портрет Дориана Грея"

Итак, исходные данные: о чем же книга? Сюжет ее заключается в том, что некий художник пишет прекрасный портрет очень красивого юноши. Художник знакомит этого юношу, "чистого души и помыслами", со своим другом Генри. Генри шипичен, обладает даром убеждения, его речи — речи искусствителя. Он убеждает юношу, что от жизни нужно брать все, что молодость — высшая ценность, что совесть — лишь трусость и т.д. Дориан меняется в сию минуту на глазах изумленных читателей. Он "искушен", хочет чувствовать все, испытать все удовольствия, сделать из своей жизни произведение искусства. Видя свой портрет, он в сердцах умоляет сделать так, чтобы портрет старел вместо него. Его желание сбывается. Дориан сохраняет молодость и красоту, а главное — его деяния отражаются не на его лице, а на портрете.

И вот Дориану 38 лет. Он все такой же. Его жизнь грешна. Об этом все подозревают, но все подозрения рушатся, стоит лишь посмотреть на его лицо. Оно невинно, как и двадцать лет назад. Однажды Дориан рассказал тому художнику о том, что написал портрет и о своей тайне. Потом испугавшись, убил его. Дориан еще делает попытки свернуть на путь добра, мучается и, в итоге, решает уничтожить портрет. Как только он вонзает нож в картину, он падает мертвым. И все его годы отражаются на его лице, все его грехи. А портрет становится таким же прекрасным, как был когда-то. Казалось бы, зло наказано, справедливость восторжествовала.

На самом деле, все основные мысли книги вынесены в предисловие. Причем автор словно пророчествовал. Он знал, что некоторые критики будут ругать его книгу за безнравственность, другие, наоборот, будут находить в ней лишь моральное начало. И лишь избранные увидят только Красоту. Красоту Искусства. Увидят Совершенство сочетания Морали и Эффекта. Уайльд предвидел реакцию публики. Но все равно творил. Искусство ради Искусства...

Чтобы понять, что хотел сказать автор своим романом, обычно ищут героя, который в романе представляет автора. Так вот: в этой книге такого не существует. В романе есть три образа, через которые автор может попытаться отразить себя. Первый — художник Бэзил. Как писал сам Уайльд, таковым он хочет быть. Но в "Портрете..." высказывается мысль, что все гениальные художники — заурядные в

жизни люди. Второй образ — лорд Генри. Его извечные циничные шутки, его примат чувственности и ощущений над Разумом: "Как увлекательно интересны чувства людей, гораздо интереснее их мыслей!", "Лечите душу ощущениями, а ощущения пусть врачует душа.", "Красота — чудо из чудес". Самое интересное, что лорд Генри не совершает ничего циничного и греховного. Он лишь говорит. Как писал потом в письме сам Уайльд: "Лорд Генри тот, кем меня видят другие". Другие... видят... то есть в жизни Уайльд не такой? А какой? Ответа нет.

Третий образ — Дориан Грей — тот, каким автор хотел бы видеть себя в другое время (фраза из письма). Юношу, в общем-то, сгубило искусство. Портрет искалечил всю его жизнь. И, в конце концов, убил. А его первое преступление? Он влюбился в молодую актрису, вернее в ее образы на сцене. А когда увидел ее сущность в жизни — прекрасную, добрую девушку, но не Джульетту и не Офелию, он бросил ее. Она покончила с собой. Между тем, сколько девушек и в наше время влюбляются в "Искусство" — певцов и артистов. Влюбляются в образы, т.е. искусство побеждает жизнь. Оно совершеннее. Тут можно сказать об идеальных образах, которые живут в сознании человека. Ведь искусство — это и есть воплощение той идеальной жизни, полной чувств.

В романе есть еще одна "обманка". Это таинственная "книга странного цвета", которую лорд Генри присылает Дориану. Эту книгу потом искали и в творчестве Уайльда, думали, что это

роман "Наоборот" — нашумевшая книга другого автора. А сам Уайльд в письме отмечал: "Книги, которая отравила или сделала верхом совершенства Дориана Грея, не существует; это только моя фантазия". Отравила или сделала верхом совершенства? Возможны варианты? Решать предоставлено читателям.

Что мы получили в итоге? Искусство побеждает Жизнь (портрет убивает Дориана). Искусство убивает на протяжении всей книги. То есть, искусство выше морали. Искусство не должно вмешиваться в жизнь, а жизнь в искусство. Искусство восстанавливает красоту, побеждает зло, оно — ответ на все вопросы.

Возможен другой вариант. "Раскрыть людям себя и скрыть художника — вот, к чему стремится искусство". Бэзил вложил в портрет слишком много самого себя. И портрет исправляет положение — убивает художника. Ведь, может быть, что портрет — просто преступник, доведший Грея до иступления, заставивший его убить Бэзила. Затем портрет "устраняет" свидетеля — убивает Грея. И вот результат — портрет вновь прекрасен, а искусство поглотило, "скрыло" художника. Ведь к этому стремится Искусство, по Уайльду. Получается, что книга — простодетективная история, где главный преступник — Искусство. Уайльд остался человеком, который лишь эпатировал публику, словно Искусство завладело Уайльдом, подчинило его себе. И последний шанс писателя — обвинить искусство в своем романе, раскрыть глаза человечества на изначальную преступность Искусства. Это лишь гипотеза. Это то, что хотел сделать Оскар Уайльд. Запутать, обмануть. Воспринимайте "Портрет Дориана Грея" как Красоту. Как совершенное единение духа и формы. Мне кажется, что Уайльд имел в виду именно это. Хотя.....

Шалкар ТАЛАСБАЕВ,
студент 3 курса факультета
международных отношений
Руководитель: Лейла ДҮЙСЕЕВА

Бетті жүргізген әл-Фараби кітапханасының бас кітапханашы-менеджері Шынар МҰҚАШЕВА



Алпамыс ФАЙЗОЛЛА

1995 жылы 6 наурызда Орал қаласында туған. Қазір ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 3-курс студенті. Алпамыс "Шырайлым-Шұбайқызылым", "Жауқазын", "ҚазҰУ - Қазақстан элитасының шеберханасы", "Тауық Рымжанов атындағы бәйге", "Аңсар-2014" секілді республикалық әдеби байқаулардың жеңімпаз-жүлдегері болған.

ҚАЗҰУ-ДЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА

ҚЫРАН МЕН ҚАЗАҚ

Көктің өзі көркінмен таласып па?! Армандарға тұрасың жол ашып та... ҚазҰУ-ды алғашқы көргеннен-ақ, Мен ғашықпын осынау қалашыққа.

Жаздыгүні – көкте күн күлгендейін, Патшалардың бағында жүргендейін. Түлкі, тиін, құс әні – Күй кешесін Бір ғажайып орманға кіргендейін.

Сарсаңға да түсер ем алып-ұшып, Саф алтыннан қымбатты бағын үшін... Сары күзде жапырақ жауған ҚазҰУ, Студенттің маздатар сағынышын.

Қызғалдақтар қырдағы семіп еді, Қаһарлы аяз шуақтан жерінеді. Қар жамылған қалашық қыстыгүні, Қалғып кеткен сияқты көрінеді.

Қатал қыстың қоштасып ызғарымен, Ғашығым бұл кезде жүз барып ем... ҚазҰУ сұлу көктемде құлпырады, Гүлдерімен және де қыздарымен.

Неткен ғажайып көрініс, кескін еді, Көп адамдар қадірін кеш біледі. Жаны жалын жастардың Әр кеш сайын Жанға жайлы әндері естіледі.

Қозы-Баян деген бар лақап ат та, Шаттық пенен осында шапағат та. Қол ұстасып ғашықтар кетіп барад, Мадақ айтып жастық пен махаббатқа.

Алақайлап шаттанар келді күнін, Тойламасақ ұят-ты енді бүгін. Сан өренге тәрбие-тәлім берген, ҚазҰУ ата сексенге келді бүгін!..

Үйренбесін деп ұрпағы жасуға, Тәрбиелеп өткелдерден асуға. Жұмыртқалап кәрлі қыста қақаған, Ана-қыран асықпайды басуға. Осы арқылы төзім сырғын ашады, Тұмай тұрып сынақ зәрін шашады. Тек көктемде аяздарда шытынап, Жарылмаған жұмыртқасын басады.

Қайтпас рухы жаралғандай алаудан, Көре аласыз қыранды сан жалаудан. Ештеңеден қаймықпайды, Көзі де – Қаймықпайды күнге тіке қараудан.

Бірге жүріп соңғы демі өшеді, Бұдан лебі адалдықтың еседі. Жұптасқан соң, Қырандар да Аккудай – Өле-өлгенше бірге тірлік кешеді. Тимегенмен әлсіз құсқа, ұсаққа, Құш аздығы шын өжетті тұсап па?! Өз аумағын жат жыртқыштан қорғайтын, Қыран кейде шабуылдар ұшаққа!

Осы үшін жырланды сан өлеңде, Дегендейін: «Енді қор боп өлем бе?!». Қайрат қайтып, әл біткенде қыран құс, Заңғар көктен құлдилаиды төменге.

Қырандарша қалықтауды қалаймын, Көре қалсам, сүйсініп мен қараймын... Қыранның көп қасиетін осындай, Тектілік пен асылдыққа балаймын.

Бұл – өнеге әрбір келер буынға, Іске кіріс белді бекем буын да... Бірақ біздің қазақ та осал емес-ау, Қыран құсты бейнелеген туында!..

АЛМАТЫҒА
(Көктөбеде туған жыр)

Шалқар шабыт сыйлаған жыр-Алматы, Жастығымның куәсі гүл-Алматы. Жырақ жүрсем әрдайым сағынатын, Маған оттан ыстық қой бұл Алматы.

Анау жерде құрбыммен ән салғанмын, Анау жерде көркіне тамсанғанмын. Достарыммен ұйқысыз түнді өткізіп, Анау жерде ақ таңды қарсы алғанмын.

Жүрегіме сөнбейтін алау жаққан, Неге елеңдей беремін анау жаққа?! Сол арумен соңғы рет кездескенмін, Махаббаттың мекені анау бақта...

Лапылдаған сөнер ме жастағы арман, Күтіп тұрса тек ашық аспан алдан. Анау заңғар шындарға қарап тұрып, Жас кеудемде тұтанған асқақ арман.

Жыр маржанын тереннен теремін мен, Шашу шашам халқыма өлеңіммен. Ей, Алматы, өзімнің биігіме, Сен сыйлаған жалынмен келемін мен!

Ажарына сүйсініп алап-қырдың, Бұл мекенді жұмаққа балап тұрмын. Көктөбеден ойдағы ару қала – Алматыға ойлана қарап тұрмын...

Күйші – күйді асыл дейді, ал ақының – өленді, Адам өзі қандай болса солай көрер әлемді.

Жұртты тегіс алаяққа, қуға өзіндей балайды, Арам адам өзгелерге күдіктеніп қарайды.

Басқа жандар кіршіксіз ақ сеніміне енеді, Адал адам өзгелерге шек-шүбәсіз сенеді.

Ақыл деген адамзаттың нұры, жарық күні еді, Ақылды адам кімге сену керектігін біледі.

Алдамаса, алданбаса, қызы да сау, ұлы сау, Ақылды әрі адал болған бәрінен де дұрыс-ау!..

Бәрі бірдей жақын емес таныстың, Кейбіреудің ой-ниеті алыс тым. Қауіптенем жолдастардан, Үнемі Бағытымен қозғалатын ағыстың.

Жамандықпен түспей майдан-жарысқа, Ешбір адам бара алмайды алысқа. Қауіптенем ондай достан, Өйткені Кейде өзім қарсы жүзем ағысқа!..

СЕНІ СҮЙЕМ, МЕНТАЙЫМ!

Махаббатың алтын дәнін егіп біз, Ғашықтардың қатарына еніптіз... Жалықтық па, неге екенін білмеймін, Түсінісе алмай жүрген едік біз. Шырмауына түстім де мен қиынның, Ұғынсаң амал таппай күйіндім... "Сені сүйем, Ментайым" деп Бояумен Дуалына жазып кеттім үйіңнің. "Ойланбастан неге қылдың бұл істі?! Одан гөрі сүймегенің дұрыс-ты! – Деп сен маған өкпеледің, ренжідің, – Өшір бүгін! Өшір ағам ұрысты!" Ойсыз болған қадамды кешпедің, Түсінбеймін әлде бәрі кеш пе еді?! Қабырғаға мықтап бояу сіңіпті, Үш түн барып әурелендім, Өшпеді. Қуантпақшы ем, одан бірақ не тынды?! Сағым сынып, Жігерім де кетілді... ...Жүректегі махаббатым өшпейді, Өшпей қойған сол бір жазу секілді!..

ӨЗГЕРІПСІҢ

Өзгеріпсің, сен бүгін өзгеріпсің, Мен өзіне айтамын көз көріп сын... Тани алмай жүрмін мен ғашығымды, Өзгеріпсің, сен қатты өзгеріпсің. Жаны дертті ару ен, көзі мұнды... Тағатынды тауысып, төзімінді. Ұмыттың ба, мөлдіреп қос жанарын, Қарайтынсың айта алмай сезімдің. Пенделіктің түстің бе аранына? Ақыл кірмей өмірдің сабағынан... Ұмыттың ба, бір кезде ұнау үшін, Қимылдаушы ең қарап қас-қабағым. Қысқа, жалған сезімге құнықтың да, Өзге жанның құшағын жылыттың ба? Күдер үзбей, арманмен күрсінетін, Сол бір мұнды шағынды ұмыттың ба?! Өкпелемен мен саған, өкпелемен, Жүрегімде сызат жоқ өкпе деген... Жайрандаған жанымның жайлауында, Бүршік атып, өскіндей көктеді өлең... Өзгеріпсің, сен бүгін өзгеріпсің, Мен өзіне айтамын көз көріп сын... Тани алмай жүрмін мен ғашығымды, Өзгеріпсің, сен қатты өзгеріпсің!

БУДНИ ЭКРАННОЙ ПУБЛИЦИСТИКИ

Первокурсникам интересно ориентироваться в будущей профессии: Что? Где? Когда? Приглашение посетить один из популярных ныне ТВ-каналов стало своего рода прохождением «ознакомительной» производственной практики наряду с погружением в жанровое многообразие современных СМИ.

КТК – коммерческий телевизионный канал. Попасть внутрь учреждения не просто: требуется, удостоверяющий личность, документ и человек из штата канала, который встретит вас и будет повсюду сопровождать. Корпоративный дух неистребим, надо уважить Правила внутреннего распорядка. ...Компактной группой мы поднялись на 2 и 3 этажи здания. Миссия КТК общеизвестна: выявлять социальные узловые моменты. График работы сотрудников ненормированный, креатив и рутина сочетаются. «На злобу дня» пишутся тексты, которые зачитываются с голубого экрана «лицами» канала. Жанр экранной публицистики вошел, скорее – ворвался в нашу жизнь с эрой ТВ. Интернет и IT-технологии «усугубили» его видео-репортажами с «горячих точек» и скорострельными selfie.

Управлять информационным потоком сегодня практически невозможно, если не иметь определенной стратегии. В этом плане работником ТВ может стать весьма образованный и мобильный индивид, с кругозором и самодостаточностью. Ленивых и «ведомых» профессия на плаву не удерживает, во всяком случае, это становится ясно после ознакомления «изнутри» с объектом интереса бакалавров от журналистики. К слову, уже 3 студента выпускного курса факультета журналистики трудоустроены на КТК.

Куратор и английская группа 1 курса выражают признательность руководству КТК и шеф-редактору рейтинговой программы «Портрет недели» И.Поповой за познавательный экскурс в историю и «кухню» СМИ. Мнения студентов самые восторженные, остается сравнить впечатления с знаниями об организации работы других ТВ-каналов. Их пригласили участвовать в ближайших съемках популярной программы «Другая правда». Фото на память, обмен контактами. «КТК» взят!

Гольнар МУКАНОВА,
доцент кафедры печати и электронных СМИ

НАША ГОРДОСТЬ

На факультете биологии и биотехнологии Ассоциация выпускников кафедры молекулярной биологии и генетики организовала встречу с заведующим лабораторией факультета молекулярной и клеточной онкологии центра онкологии Техасского университета MD Андерсона, автором публикаций в журналах "Science", "Cell", "Mol. Cell Biol" профессором Досом Сарбасовым.

На встрече Д.Сарбасов рассказал о своих последних научных исследованиях, системе финансирования науки в США, где в связи с экономическим кризисом последние 6 лет объем финансирования научных исследований не меняется и составляет \$31 млрд. В завершение встречи он ответил на многочисленные вопросы присутствующих. Откровенность, самокритичность, юмор профессора Д.Сарбасова заворожили аудиторию, где присутствовали студенты, магистранты и сотрудники факультета.

Дос Сарбасов – уроженец Алматы, в детстве любил разводить аквариумных рыбок и мечтал стать ихтиологом. Он окончил кафедру генетики и молекулярной биологии биологического факультета КазГУ в 1991 г., является учеником академика НАН РК Р.И.Берсимбая. С 1992 г. проходил PhD подготовку в университете штата Арканзас, где занимался исследованием дифференциации мышечных клеток, затем 7 лет работал в Массачусетском технологическом институте (MIT), изучая сенсоры питательных веществ, отвечающих за рост клеток. В последние годы работает в университете MD Андерсона (Хьюстон), центр которого является лидером исследований в области онкологии США. Д. Сарбасов – автор более 30 публикаций в журналах с высоким импакт-фактором, член редакционной коллегии журнала "Biological Chemistry". Области научных интересов профессора Д.Сарбасова - молекулярная биология, молекулярная онкология, клеточная биология и внутриклеточная сигнализация. Он является соруководителем в подготовке 6 PhD докторантов кафедр молекулярной биологии и генетики, 4 из которых защитили диссертации. Докторанты проводят исследования от одного года до 1,5 лет, при этом не испытывают затруднений, поскольку получают поддержку ученого.

Н.Ж. ОМИРБЕКОВА,
кафедра молекулярной биологии и генетики

«Әсем» жанр хақында әсерлі әңгіме



«Әңгіме – әсем жанр», – дейді ғалым-ұстаз, академик Э. Қабдолов. Ж. Аймауытов, Б. Майлин, М. Әуезов сияқты шебер суреткерлерімізден бастау алатын осы «әсем» жанрдың дамуына өз үлестерін қосып жүрген жас толқындар қатары аз емес. Қазіргі қазақ әдебиетінің әңгімесі сан алуан тақырыпты қамтып қана қоймай, әр жазушының өзіндік стиль даралығымен түрлі бағытта жаңаша қырынан танылу, көркемдік тұрғыда кемелдену үстінде. Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенттері «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі жаңашыл ізденістер» атты элективті пән барысында қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерді талдап, саралап қана қоймай, аталмыш жанрда қалам тербеп жүрген әр буын өкілдерінің туындыларын автордың өзімен бірге талдап-таразылауды мақсат тұтып, қолға алуы құптарлық жайт. Осы орайда жақында «Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы» кафедрасының аға оқытушысы Шоқан Шортанбаевтың ұйымдастыруымен тағылымы мол дөңгелек үстел өтті. «100 кітап» жобасы аясында өткен бұл кездесудің қонағы «Министр» атты әңгімелер жинағының авторы Ерболат Әбікенұлы болды.

Топ студенттерін жас толқын өкілінің шығармашылығымен таныстыра отырып, әңгіме жанры туралы жазушымен ой өрбіте, білімдерінің кеңейе түсуіне ықпал жасалған бұл кездесуді ұйымдастырудағы мақсат өз мүддесінен шыға білді. Факультет түлегі Ерболат Әбікенұлының «Министр» жинағы жарық көргеніне көп уақыт бола қоймаса да, оқырман қауымнан, әдебиетшілер тарапынан өз бағасын алып үлгерді. Олай дейтін себебіміз бүгінгі заман шындығын, қазіргі қоғамдағы адамдар образын дәл суреттей білген автор шығармалары оқырман қызығушылығын тудырып, жинағын жастар қауымы жылы қабылдады. Ащы сықақпен әжуалай отырып, өзі өмір сүріп отырған қоғамның күнгей-көлеңкелі тұстарын қатар алып, замандастарының бойындағы түрлі касиет-кемшіліктерді шынайы бейнелеп, өзі байқаған, күе болған жайттарға сергек көңілмен үнілуі шығарманың шынайылығын арттырып, көркемдік көкжиегін де танытып тұр. Сөз өнеріне деген қызығушылығы мектеп жасынан туған жазушының әңгімелері сарказмға, астарлы әзілге құрылған.

«Жазушы кейіпкерлердің өз сөздері арқылы болған сұмдық жайды көрсетіп қана қоймайды, олардың ессіз саналарын ашады. Бұл Ерболаттың қазіргі ауылдағы рухани тоқырау мен имани кризистің орын алғанын замандастарына еңіретіп отырып жеткізуі деп қабылдауымыз қажет», – деп профессор А. Исмақова өз бағасын берген бұл жинақтағы әңгімелер төңірегінде тағылымды әңгімелер өрбіп, студенттер көкейінде жүрген сауалдарына тұшымды жауаптар ала алды. Атап айтар болсақ, Еркін Оспанбек, Тұрсынбүбі Сенбай, Талғат Рамазанов бастаған топ студенттері әңгімелерді әр қырынан жоғары деңгейде талдай білді. Жазушы әңгімелерін оқу барысында автормен сырттай таныс

студенттер кездесу үстінде жазушының бұл жанрдағы туындылары жөнінде кеңірек сөз қозғап, ортаға салып, шығармашылық әлемі мен өз өмірінің кей тұстарын теренірек тани түскендерін ризашылықпен жеткізе білді. Е. Әбікенұлы «Сүмелектер», «Пәтер іздеп жүр едік» атты әңгімелерін өз басынан өткен оқиғалар негізінде жазса, «Желтоқсан ызғары» шығармасын ұстазынан естіген оқиға негізінде туған деп, шығармашылығына арқау болған тақырыптардың қоғам өмірімен етене байланысып жататындығын айта кетті. Алғаш прозаға қадам басуының жетінші сыныптан басталғанын және өзі «повесть» деп айдар тағып жазған алғашқы шығармасы жөнінде айтқан әңгімелерін аудитория жылы қабылдап, сүйсіне тыңдады. Студенттердің қызығушылығын тудырған «Бір қой», «Қыжыл», «Елу теңге» сияқты жазушының көркем туындылары дөңгелек үстелде кеңінен талқыға түсті. «Аға буын қаламгерлерімізден кімнен үлгі аласыз», – деген сауалға батыс әдебиетін көбірек үлгі етіп, сусындап жүргенін, ал қазақ қаламгерлерінен Тынымбай Нұрмағамбетовті сүйіп оқитындығын, үлгі тұтатындығын, жазушыдан үйренер, алар біраз дүниелердің бар екендігін баса айтты. Сонымен қатар дөңгелек үстелде қазіргі әңгімелердің тақырыптық-идеялық ерекшелігі, тәрбиелік мәні, көркемдік ізденісі төңірегінде де сөз қозғалды. Әңгіме туралы әңгімеден жақсы әсер алған студенттер Е. Әбікенұлының қазақ прозасына талғамы жоғары көркем туындыларды қосарына сенімі мол екендерін жеткізді. Жазушының қолтаңбасымен кітабын алған студенттер естелікке суретке түсіп, тілек-ұсыныстарын білдірді.

Әйгерім СЕРІКБАЙ,
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 4-курс студенті

Осы жылдың наурыз айында Эбола вирусының эпидемиясы дүние жүзін дүрліктірді. Алғашында Гвинея елінде пайда болған вирус Либерия, Сьерра-Леоне, Нигерия, Сенегал сияқты Батыс Африка мемлекеттеріне таралса, соңғы кезде АҚШ-пен Испанияға да келіп жетті.

Эбола белгілерін біле жүріңіз

Бұл вирустың негізгі тасушылары – жабайы маймылдар мен Pteropodidae әулетінің жарқанаттары тек тропикалық және субтропикалық климаттарда ғана өмір сүреді. Яғни Шығыс Азия, Океания және Африка елдерінде. Қазақстанда өздеріңіз білетіндей, бұл жануарлар цирктер мен хайуанаттар бағынан басқа жерлерде жоқ.

Дегенмен «Сақтықта, қорлық жоқ» дей отырып, «Хронобиология және хрономедицина» орталығы бұл аурудың белгілерін білу үшін студенттер мен оқытушыларға ұсынып отыр.

Алғаш рет Эбола вирусы 1976 жылы Африкадағы Судан, Нзаре және Ямбуку, Конго демократиялық республикасының (Эбола өзенінің жағалауындағы) елді мекендерінде бір мезгілде орын алған індет болатын. Сондықтан да ауру Эбола деп аталады.

Аурудың алғашқы белгілері: аурудың инкубациялық кезеңі вирусты жұқтырғаннан бастап 2 күннен 21 күнге дейін созылады. Клиникалық белгілері пайда болғанға дейін адамдардың барлығы жұкпалы болып табылмайды. Ауру жедел басталып, дене қызуы көтеріледі, науқастың басы, бұлшық еттері мен буындары ауырып, жүрегі айнып, баспа (ангина) ауруының белгілері пайда болады. 2-3 күндері диареямен жалғасатын іштің ауруы, құсу қосылады. 3-5-күндері барлық науқастарда қан аралас құсық, ауыз, мұрын, екпе орындарынан қан ағу білінетін геморрагиялық белгілер пайда болады. Тәбеттің жоқтығына және ағзаның судан құрғауына байланысты науқастар тез арықтайды. Естен тану, ағзаның құрғауы және қан кетуі адамның 5-8 күндері өлуіне әкеледі. Кейін құрғақ жөтел басталып, көкірегі ауырады. Бірінші аптаның соңында денесінде бөртпелер пайда болып, геморрагиялық синдром болады.

Науқастың мұрнынан, жатырынан қан кетуі, қан құсуы болып, аурудың өліміне әкеліп соғуы мүмкін. Өлім коэффициенті 90%-ға дейін жетеді.

Эбола қызбасы індетінің алдын алу шараларының мақсаты: табиғи ошақтарда адамдардың зарарлану қаупін төмендету, эндемиялық емес аумақтарға инфекция тасымалын болдырмау.

Адамнан адамдарға жұқтыруды болдырмау үшін науқаспен қарым қатынаста болған уақытта қолғаппен және арнайы сақтану киім болу керек.

Егер сау адам науқас адаммен қарым-қатынаста болса, онда ол адам қатынаста болған күннен 21 күнге дейін есепке алынып, әрдайым бақылауда болады.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы «Эболаны» әлемдік індет деп танып, вируспен күресу үшін 100 миллион доллар бөлінетінін хабарлады. Бірақ бұл мәселені түбегейлі шешудің жолы емес. Өйткені әлі күнге дейін қатерлі дертке шипа болатындай нақты ем жоқ. Алдын алу шараларында арнайы лицензияланған вакцина жоқ. Кейбір елдерде вакцинация дайындалғанымен, әлі тәжірибеде адамдар арасында қолданылмаған.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтері бойынша, 2014 жылдың қараша айына дейін Эбола геморрагиялық қызбасына қатысты 15145-ке жуық жағдай тіркеліп, оның 5420 жағдайы өліммен аяқталды.

Г.А. ТУСУПБЕКОВА,
м.ғ.к., биофизика және биомедицина
кафедрасының аға оқытушысы,
Н.Т. АБЫЛАЙХАНОВА,
б.ғ.к., доцент



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №1599

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.